bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2018

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# ЦИКЛОГРАММА Бір аптаға (02-06Қазан айы 2017 ж.) «Балапан» 2- кіші топ

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 08.01.2018 | https://bilimger.kz/25611/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

---

## ЦИКЛОГРАММА

***Бір аптаға (02-06Қазан айы 2017 ж.)***

**«Балапан» 2- кіші топ**

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Тақырыпша «Менің отбасым,ата-аналар еңбегі»

| **Күн тәртібі** | **Уақыты** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (8мин) | 8.30-8.50<br><br>8.50-8.58 | Балаларды қабылдау.<br><br>Жуылған ойыншықтарды жинату.<br>Дидактикалық ойын.<br>«Кім жылдам?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру.<br>Балалардың создік қорын байыту. | Балаларды қабылдау.<br>Отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнату.Жағымды жағдай орнату. | Балаларды қабылдау.<br>Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым».<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. | Балаларды қабылдау. Топқа көтеріңкі көңіл күймен келуге жағдай тудыру.<br>Еңбек:Тәрбиешімен бірге жуылған ойыншықтарды ретімен қою.<br>Мақсаты: Еңбекке деген қызығушы-лықтарын арттыру. | Балаларды қабылдау.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қарада ата»<br>Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау. |
| | | Таңертеңгі жаттығу (Қазан айы 1-апта) Құралсыз<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| Таңғы ас | 8.58-9.30 | Ас ішетін кез келді<br>Сөйлемейміз,күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз | | | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.30-9.45<br>9.55-10.10<br>10.20-10.35 | **1.Жаратылыстану.**<br>Тақырыбы:«Күннің көзі және біз» (табиғаттағы бақылау)Мақсаты:Балалардың түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайды. Күннің көзінің астында болғанда өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру. Балалардың талдау жасай білуін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>1.Сұрақ жауап.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?<br>2.Жұмбақ жасыру.<br>Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды?Ол не, балалар?<br>-Күннің пішіні қандай болады?<br>-Түсі қандай?<br>-Күн аспанда нешеу?<br>-Балалар, сендер күннің көзін жақсы көресіңдер ме?<br>-Күннің пайдасы неде? Күн бізге керек пе?<br>-Күн болмаса не болар еді?<br>3.Балалар мен сендерге «Күн сәулесі» туралы ертегі айтып берейін. Мұқият тыңдаңдар.<br>4.Сергіту сәті.<br>«Көңілді күн» видеофильм<br>.Қорытынды.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка.**<br>Педагогтың жоспары бойынша. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты:Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.<br>**Әдіс-тәсілі:**Балаларды ұйымдастыру.1.Саусақ жаттығуы.<br>Бас бармағым – әкем, балаң үйрек апам,Ортан терек – ағам, шылдыр шүмек апам.Титтей бөбек менБір үйде нешеуміз?Бір үйде бесеуміз.- балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Кім айтады?<br>2. «Кімді көріп тұрсың?» ойыны. Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады<br>Сұрақ жауап.<br>Қане бәріміз өз отбасымыз туралы айтайық.<br>3.Тақпақ жаттау.<br>Атам менің ақылды,<br>Әжем менің мейірімді.<br>Әкем менің қайратты,<br>Анам менің әдемі.<br>4.Сергіту сәті.<br>Алма ағашқа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін жақсысын,<br>Әжемізге сыйлайық.<br>5.Қорытынды.<br>Сұрақ жауап.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2. Құрастыру**Тақырыбы. Қуыршаққа жиһаз<br>Мақсаты: Балаларды ойын бөлмесіндегі мүліктерді атап айтуға үйрету. Олардың не үшін керектігін әңгімелеу. Құрастырмалы материалдармен қуыршаққа жиһаз құрастырып үйрету. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>1.Тосын сәт.<br>Қуыршақ келеді.<br>2. Жұмбақ жасыру.<br>Мен жәйлімін,<br>жұмсақпын,<br>Мені табу қиын емес-<br>Ұнатады әжелер мен сәбилер<br>Отыруға, жатуға.(Диван)<br>3. Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрстеу, түсіндіру.<br>4.Сергіту сәті.Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз қолыңды.<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойына.<br>5.Жеке көмек.<br>6.Қорытынды.<br>Қуыршақпен қоштасу.<br>Сұрақ жауап.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>Педагогтың жоспары бойынша. | **1Мүсіндеу.**<br>Тақырыбы:СақинаМақсаты.Ермексаз кесектерін үзу, жұлу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету. Домалақ пішіндерді жасауды дамытып, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>1.Балаларды ұйымдастыру.<br>2. Д/О «Домалақ заттарды ата»<br>3.Тосын сәт. Қонаққа қуыршақ Сәуле келді.<br>(балалардан көмек сұрайды)<br>4. Суретпен жұмыс.<br>Сақина. - Балалар,сақинаның пішіні қандай? -Түсі қандай?<br>5. Жұмыстың орындалу тәсілдерін көрсету,түсіндір. - ермексазды жұмсарту; - ұзын ширатпа есу; - дөңгелектеп орау;<br>Балалардың өз бетінше жұмысы.<br>Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсету.<br>6.Қорытынды.<br>Қуыршаққа сақинаны сыйлау.<br>Қоштасу.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка.**<br>Педагогтың жоспары бойынша. | **1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.**<br>Тақырыбы: Көршісін тап.<br>Мақсаты: Бір топтың затын екінші топтың затымен беттестіру тәсілін қолдануға жаттықтыру. Алда, артта туралы ұғымдарын түсіндері. «Шалқан» ертегісі көмегімен алда, артта туралы ұғымдарды қолдана білуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>1.Балаларды ұйымдастыру.<br>Жыл мезгілін сұрау.<br>2.Балаларға «Алдында артында» деген ұғыммен танысатынымызды айтамын.<br>3.Ертегі «Шалқан»Слайд.<br>Сұрақ қою.<br>Мына суреттерге қарандаршы атайға көмектесуге кім келді?<br>Әжейден кейін кім келіп шалқанда тартысуға келді?<br>Немереқыздың артынан кім келді?<br>Иттің артынан кім келді?<br>Мысықтың артынан кім келді?<br>Осылай артында алдында деген ұғымдарымен таныстырамын.<br><br>4.Сергіту сәті:<br>Оңға қарай бір адым<br>Солға қарай бір адым<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>5.Ойын:«Пойыз»<br>Ойынның мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>(Балалар ойын кімнен кейін кім тұрғанын естерінде сақатп алулары керек. Сосын кімнің алдында кім, кімнің артында кім тұрғандарын айтулары керек.)<br>6.Қорытынды.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br>Педагогтың жоспары бойынша.<br><br>**3.Сурет салу.** Тақырыбы: Әдемі көйлек.<br>Мақсаты: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Мөртаңмен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке **тәрбиелеу.**<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>1.Балаларды ұйымдастыру.<br>2.-Қуыршақ Айгүлдің жылап отырғанын көреді.Балалар Қуыршақтан кім ренжіткенін сұрайды.<br>Қуыршақ Айгүл: Досым қонаққа шақырған,қонаққа киетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын.<br>3.Суретпен жұмыс.<br>Көйлектің сурет салудың әдіс тәсіледрін көрсету түсіндіру.<br>Балаларға әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мөртаңбаны, саусақтарын пайдалануға болатындығын түсіндіру.Сүрткішті дұрыс пайдалануды, бір-біріне бөгет жасамай,дұрыс отыруды естеріне түсіру.<br>5.Жеке көмек.<br>6. Тақырыпты сұрақтар қоя отырып қорытындылау .Қуыршақпен қоштасу.<br>Жақсы салынған балалар мадақтау | **1.Сиқырлы саусақтар** Тақырыбы. Күзгі ағаш Мақсаты: Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы бейнелеу арқылы балалардың білімдерін кеңейту. Балаларды дәстүрден тыс әдістер арқылы жұмыс жасау қабілетін дамыту. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілі:<br>1.Балаларды ұйымдастыру.<br>2.- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>— Енді мен сендерге «Күз келді» атты өлең оқып беремін:<br>Сарғайды тоғай,<br>Сап — сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br>Жапырақ ұшты,<br>Суықта түсті.<br>Сонда да бізге,<br>Қызық көп күзде.<br>3.Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.<br>(мақта таяқшасымен сурет слау)<br>4.Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар,<br>Алдымыздан жел еседі<br>Кіп-кішкене ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>5.Балалардың өз бетінше жұмысы.<br>Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсету.<br>6.Қорытынды.<br>Балалардың суретін талдау,мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br>Педагогтың жоспары бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуен: | 10.45-12.00 | №5Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау.<br>Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»<br>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау. | №16Бақылау. Түскен жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты:Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек: Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу,жапырақтарды жинау<br>Мақсаты:Балаларды жұмысқа белсенді қатысуға үйрету, жапырақтарды бір жерге жинастыру.<br>Еңбексүйгіштікке, өз бетінше жұмыс жасай алуға үйрету. | №8Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Қимылдық ойын: «Торғайлар мен автомобильдер». Ойын барысы: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Дене бұлшық етін дамыту.Ойын шартын бұзбай ойнауға үйрету.<br>Еңбек:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы. | №17Бақылау:Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық»<br>Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету.Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу . Еңбек: «Таза алаң».<br>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. | №2Бақылау:Бұлтты бақылау.<br>Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату.<br>Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық»<br>Ойын барысы: Балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару.<br>Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>Өзіндік іс-әрекет: Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. |
| Серуеннен оралу | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруға үйрету.<br>Ойын жаттығу: «Тазалықты сүйеміз,тап-таза болып жүреміз».<br>қолдарын жуу . | | | | |
| Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару.<br>үстел басында нанды үгітпей, қоқымдарды шашпауға тәрбиелеу | | | | |
| Тәтті ұйқы. | 13.00-15.10 | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары | 15.10-15.40 | Төсекте жатып жасайтын жаттығу. «Велосипед тебу».<br>«Денсаулық»жолымен жүру. Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру.<br>Ойын жаттығу «Ұқыпты киінеміз»<br>Қол жуатын бөлмеде өздерін дұрыс ұстауға қадағалау. | | | | |
| Бесін ас | 15.40-16.00 | Астарңыз дәмді болсын!Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет<br><br>Баланың жеке даму картасына сәйкеғс жеке жұмыс | 16.00-16.30 | Дидактикалық ойындар<br>«Бір сөзбен ата»<br>Мақсаты: заттарды бір сөзбен айтуды үйрету, сөздік қорларын байыту<br><br>Жеке жұмыс Дидар мен Камилаға «р» дыбысы қатысты бар сөздерді үйрету. | Дидактикалық ойын:<br>«Киімдерін тап»<br>Мақсаты: Ойлау қабылетін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту<br>Балалармен жеке жұмыс<br>Суреттің шетіне шықпай бояту. мақсаты: қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. | «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру<br>Балалармен жеке жұмыс<br>Заттық суреттер-Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. | Құрылыс ойындары<br>«Қуыршақтарға үй құрастырамыз».Балалармен жеке жұмыс<br>«Мен суретші боламын» қылқаламды дұрыс қолдануға жаттықтыру | Әңгіме құрастыру «Әжең туралы әңгімелеп бер»<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын жақын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.Балалармен жеке жұмыс<br>ермексазды жұлып бірнеше бөлікке бөлуге үйрету-түстерді ажырату, есте сақтауға үйрету |
| Серуенге дайындық | 16.30-16.50 | Жүйелі киініп серуенге шығу .<br><br>Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу | | | | |
| Серуен | 16.50-18.00 | Серуен кезіндегі күндізгі іс-әрекетін қайталау,толықтыру.<br>Өз еріктері бойынша ойын әрекеті. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | 18.00 | Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | «Менің отбасым» Ата –аналарға отбасы суреттерін әкелуді айту.<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.<br>Балалардың үйге қайтуы. | Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.